	Күн тәртібін еске салу. «Менің сүйікті ойыншығым» Мақсаты: өзіңнің сүйікті ойыншығын сиппатай білуге үйрету. (сөйлеуді дамыту—коммуникативті қызмет)	Ауа-райына сай киіндіру. «Бүгін ауа-райы қандай?» Мақсаты: Табиғат пен табиғат күнтізбесіндегі ауа-райы жағдайының /жаңбыр, тұман, / бақылау нәтижелерін айта білуге үйрету. (сөйлеуді дамыту—коммуникативті қызмет)	«Сен не киіп келдің?» Мақсаты: Киім атауларын дұрыс айтады. Сөйлем құрастырады. Сөз ішінде қазақ тілінде тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтығады. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу—коммуникативтік, әлеуметтік қызмет)	«Күз» мезгілі туралы әңгіме (сөйлеуді дамыту—коммуникативті қызмет)	«Балақай, балабақшаға кіммен келдің?» Мақсаты: Үйдегі жақындарын атап айтқызу, балабақшаға немен келді, айналасында қандай өзгерістер байқағаны туралы айтқызу. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу—коммуникативтік, әлеуметтік ызмет)
Перспективалық жоспарда қойылған міндеттерді іске асыру					
Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, эксперимент, кітаптар қарау және өзіне-өзі қызмет ету, тағы басқа іс-	Үстел үсті ойыны: «Ретке келтіру» Мақсаты: балалардың қоршаған әлем туралы түсініктерін кеңейту. (қоршаған ортамен танысу-әлеуметтік қызмет)	Үстел үсті ойыны: «Домино» Жабайы жануарлар. Мақсаты: Балалардың жабайы жануарлары туралы білімдерін бекіту: піл, түлкі, аю т.б.жануарлардың ерекшеліктерін атап өту. (қоршаған ортамен	Үстел үсті ойыны: «Түрлі түсті дөңгелек» Мақсаты: балаларды түстерді салыстыра білуге, білім мен түстер жүйесін нығайтуға үйрету. (математика негіздері-танымдық қызмет)	Үстел үсті ойыны «Түрлі түсті пирамида» Мақсаты: шаманы қабылдауды дамыту. (математика негіздері-танымдық қызмет)	Үстел үсті ойыны «Жақсы және жаман деген не?» Мақсаты: қоғамдық орындардағы мінез-құлық ережелерімен таныстыру, адамдардың іс-әрекеттерін талдауға және оларға баға беруге үйрету.

әрекеттер)		танысу-әлеуметтік қызмет)			(қоршаған ортамен танысу-әлеуметтік қызмет)
Таңертенгі жаттығу	КАРТОТЕКА № 3 ТАҢҒЫ ГИМНАСТИКА КЕШЕНІ (затпен орындалады) Сапқа тұру, жүру, жүгіру, жалпы дамытушы және тыныс алу жаттығулары. Мақсаты: баланың организмін «ояту», оны тиімді күйге келтіру, жан-жақты, бірақ бұлшықет жүйесіне орташа әсер ету, дененің белсенділігін арттыру, дұрыс қалыптың қалыптасуына ықпал ету.				
Таңғы ас	Гигиеналық шаралар: Таңғы ас алдында қолдарын жуу, қолды сүрту және орамалды орнына ілу. Көркем сөз: Су, су менің бетімді жу. <i>(көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу-коммуникативті, танымдық қызмет)</i> Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақтану мәдениетін қалыптастыру, тамақ ішкенде сөйлемей, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту)	Гигиеналық шаралар: Таңғы ас алдында қолдарын жуу, қолды сүрту және орамалды орнына ілу. Көркем сөз: Сырттан келіп үнемі, Сабынмен қол жуамыз, Таза болды мұнтаздай, Тағамға қол созамыз. <i>(көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу-коммуникативті, танымдық қызмет)</i> Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақтану мәдениетін қалыптастыру, тамақ ішкенде сөйлемей, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту)	Гигиеналық шаралар: Таңғы ас алдында қолдарын жуу, қолды сүрту және орамалды орнына ілу. Көркем сөз: Су, су менің бетімді жу. <i>(көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу-коммуникативті, танымдық қызмет)</i> Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақтану мәдениетін қалыптастыру, тамақ ішкенде сөйлемей, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту)	Гигиеналық шаралар: Таңғы ас алдында қолдарын жуу, қолды сүрту және орамалды орнына ілу. Көркем сөз: Дымкылдап күнде сен, Қолыңды сүйкесен. Кетіп кір-ыласың, Тап-таза боласың. <i>(көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу-коммуникативті, танымдық қызмет)</i> Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақтану мәдениетін қалыптастыру, тамақ ішкенде сөйлемей, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту)	Гигиеналық шаралар: Таңғы ас алдында қолдарын жуу, қолды сүрту және орамалды орнына ілу. Көркем сөз: Су, су менің бетімді жу. <i>(көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу-коммуникативті, танымдық қызмет)</i> Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақтану мәдениетін қалыптастыру, тамақ ішкенде сөйлемей, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту)
Ұйымдастырылған іс-әрекетке	Балалар әсерлерімен бөлісу, жаңалықтарды білу, бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. (сөйлеуді дамыту) Ұйымдастырылған іс әрекет тақырыбына сай жұмбақтар жасыру. Жаттаған тақпакты есіне түсіріп, қайталап айту.				

дайындық	<p>Саусақ жаттығуы: «Ағаш» Аулада ағаш жайқалады Жап-жасыл оның жапырағы.</p> <p>(сөйлеуді дамыту, қоршаған отамен танысу – коммуникативтік, әлеуметтік қызмет)</p>	<p>Саусақ жаттығуы: «Саусақ санау» Балаға қарама-қарсы отырып, тәрбиеші көрсетіп отырады, қолдарды құлыпқа ұқсатып түйеді. Саусақтарын кезек-кезек создыра көрсетіп, Кел, санайық санамақ, Басбармақ, Балан үйрек, Ортантерек, Шылдыршүмек, Кішкенебөбек. Бала қозғалыстарды қайталайды (дене шынықтыру-денсаулық қызметі)</p>	<p>Саусақ жаттығуы «Саусақтар жүреді» Саусақтар жүреді. Екі саусақпен 5-ке дейін тура және кері санап, алға-артқа жүреді.</p> <p>(сөйлеуді дамыту, математика негіздері – коммуникативтік, танымдық қызмет)</p>	<p>Саусақ жаттығуы: «Менің отбасым» Бас бармақ – ата Сұқ саусақ – әже Ортан терек – әке Шылдыр шүмек – ана Кішкене бөбек – мен</p> <p>(сөйлеуді дамыту, қоршаған отамен танысу – коммуникативтік, әлеуметтік қызмет)</p>	<p>Саусақ жаттығуы: «Гүл» Балалар қолдарын көтеріп, саусақтарын біріктіріп, жабылып тұрған гүлдердің бүршіктерін келтіреді. Жайлап саусақтарын ашып, алақандарын жайып «гүлдің ашылғанын» көрсету. Төмендегі тапқыты қайталау. Міне, гүлдің бүршіктері Ашылады әдемі. (сөйлеуді дамыту, қоршаған отамен танысу – коммуникативтік, әлеуметтік қызмет)</p>
Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет		<p>Дене шынықтыру Негізгі қимылдар: бір-біріне допты домалату (аяқты алшақ қойып отыру, арақашықтық – 1 метр). Екі аяқпен ептілікпен секіру (аяқты қосып секіру және екі жаққа алшақ қойып секіру). Аяқты алшақ қоя отырып, 1 метр арақашықтықта бір-біріне допты домалатуға үйрену, доптың қозғалысының бағытын сақтауды үйренуге</p>	<p>Дене шынықтыру Негізгі қимылдар: бір-біріне допты домалату (аяқты алшақ қойып отыру, арақашықтық – 1 метр). Екі аяқпен ептілікпен секіру (аяқты қосып секіру және екі жаққа алшақ қойып секіру). Аяқты алшақ қоя отырып, 1 метр арақашықтықта бір-біріне допты домалатуға үйрену, доптың қозғалысының</p>	<p>Дене шынықтыру Негізгі қимылдар: сызық үстінен екі аяқпен секіру, кедергілер арасынан жүру және жүгіру. Міндеттері: екі аяқпен сызықтан секіруге үйрену. Кедергілер 1 28 арасынан жаяу жүріп және жүгіріп өту дағдысын бекіту, ептілікті жетілдіру. Шектелген алаң үстінен жүргенде тепе-теңдікті</p>	

	<p>калыптастыру. Екі аяқпен ептілікпен секіруге жаттығу (аяқты қосып секіру және екі жаққа алшақ қойып секіру), тізені аздап бүгіп секіріп, аяқты алшақ не бірге қойып секіруге жаттығу. Көзбен өлшеуді, зейінін дамыту, үйлестіру қабілетін арттыру, мейірімділікке, спортзалдағы тәртіпке тәрбиелеу.</p> <p>Қимыл қозғалыс ойын К-№ 3 «Ақ қоян» Мақсаты: балаларды жылдамдыққа, мықты болуға тәрбиелеу. (дене шынықтыру-денсаулық қызметі)</p> <p>Қазақ тілі Менің достарым Балаларды достарының аттарын, олар туралы қысқаша айта білуге үйрету. Түрлі-түсті суреттер. «Дос болайық бәріміз» ойыны</p>	<p>бағытын сақтауды үйренуге қалыптастыру. Екі аяқпен ептілікпен секіруге жаттығу (аяқты қосып секіру және екі жаққа алшақ қойып секіру), тізені аздап бүгіп секіріп, аяқты алшақ не бірге қойып секіруге жаттығу. Көзбен өлшеуді, зейінін дамыту, үйлестіру қабілетін арттыру, мейірімділікке, спортзалдағы тәртіпке тәрбиелеу.</p> <p>Қимыл қозғалыс ойыны: К-№ 4 «Қасқырлар мен лақтар» Мақсаты: Балаларды жылдамдыққа, ептілікке тәрбиелеу. (дене шынықтыру-денсаулық қызметі).</p> <p>Музыка (Музыка жетекшісінің жоспары бойынша)</p>	<p>сақтауды жетілдіру. Балаларды бір-бірін қадірлеу, өзара жайлы қарымқатынас орнатуға тәрбиелеу, зейінін дамыту. Жарақаттанудың алдын алу.</p> <p>Қимылды ойын: «Допты домалат».</p> <p>Мақсаты: допты саусақтарымен епті, шапшаң қозғау арқылы домалата білуді бекіту</p>	
«Ормандағы сұр көжек» әңгіме (көркем әдебиет-коммуникативті қызмет)	«Ала мысық» өлеңі Мақсаты: Шағын өлеңді жатқа айтуға үйрету. Сөйлеу барысында дауыс	«Күз келді» әңгіме (көркем әдебиет-коммуникативті қызмет) Қастек Баянбаевтың	Ғ.Қайырбеков «Алтын күз» өлеңі Мақсаты: Шағын өлеңді жатқа айтуға үйрету. Сөйлеу	«Күзгі ағаштар» әңгіме (көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру-

<p>Т.Бердияровтың «Сұр қоян» өлеңі Мақсаты: Шағын өлеңді жатқа айтуға үйрету.Сөйлеу барысында дауыс ырғағы мен қарқынын қадағалап,кейіпкерлердің бейнесін,мінез құлқын дұрыс жеткізу. Сөздердің мағынасын ашу. <i>(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі-коммуникативті қызмет)</i> Дидактикалық ойын «Қоянға көмектес» картотека №3 Мақсаты: Заттарды санауға және олардың екі тобын салыстырып, өлшеміне, пішініне және түстеріне қарай ажыратуға үрету. <i>(Қоршаған ортамен таныстыру, математика негіздері-әлеуметтік, танымдық қызмет)</i> «Қояндарға арналған сәбіздер» Сәбізді мүсіндеу, жапсыру, суретін салу. <i>(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру-шығармашылық қызмет)</i></p>	<p>ырғағы мен қарқынын қадағалап,кейіпкерлердің бейнесін,мінез құлқын дұрыс жеткізу.«Ала» сөзінің мағынасын түсіну. <i>(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі-коммуникативті қызмет)</i> «Мысық және оның балалары» суретпен жұмыс <i>(көркем әдебиет-коммуникативті қызмет)</i> «Анаңның құйрығынан ұстап ал» ойыны картотека №48 Мақсаты:мысық ананы қуып, құрығынан ұстауға тырысады. <i>(Қоршаған ортамен таныстыру-әлеуметтік қызмет)</i> «Марғауларға арналған жіптер» Әр түрлі жіптерді мүсіндеу, жапсыру, суретін салу. Мысықтыңжіппен ойнағанды ұнататынын айту. <i>(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, математика негіздері-шығармашылық, танымдық қызмет)</i></p>	<p>«Күз бояуы»өлеңі Мақсаты: Шағын өлеңді жатқа айтуға үйрету.Сөйлеу барысында дауыс ырғағы мен қарқынын қадағалап,кейіпкерлердің бейнесін,мінез құлқын дұрыс жеткізу.«Күзгі бояу» сөзінің мағынасын түсіну. <i>(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі-коммуникативті қызмет)</i> «Жыл мезгілін ата»ойыны картотека №48 Мақсаты:Суреттерге қарап жылмезгілдерін атау. <i>(Қоршаған ортамен таныстыру-әлеуметтік қызмет)</i> «Күзгі жапырақтар»» Себеттерді мүсіндеу, жапсыру, суретін салу, құрастыру.Түстерін атау. <i>(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру, математика негіздері-шығармашылық, танымдық қызмет)</i></p>	<p>барысында дауыс ырғағы мен қарқынын қадағалап,кейіпкерлердің бейнесін,мінез құлқын дұрыс жеткізу.«Алтын күз» сөзінің мағынасын түсіну <i>(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі-коммуникативті қызмет)</i> «Табиғат мейірімді»ойыны картотека №48 Мақсаты:тәрбиеші сөйлемді өзі бастап береді, балалар сөйлемді әрі қарай жалғастырады<i>(көркем әдебиет-коммуникативті қызмет)</i> Сергіту сәті: «Шөп». Шөп үстімен жүреміз: Сырт-сырт,сырт-сырт. Тас үстімен жүреміз: Тарс-тарс, тарс-тарс. Су ішімен жүреміз: Шолп-шолп, шолп-шолп. Жол бойымен жүреміз: Топ-топ,топ-топ. <i>(Қоршаған ортамен таныстыру-әлеуметтік қызмет)</i> «Жапырақтарға арналған себет»»</p>	<p><i>коммуникативті , әлеуметтік қызмет)</i> «Ағаштардың биіктігін салыстыр» <i>(математика негіздері-танымдық қызмет)</i> «Сөздік жаттығулар» <i>(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі-коммуникативті қызмет)</i> Дидактикалық ойын: «Қайсы ағаштың жапырағы?» картотека №48 Мақсаты:жапырақтарды атау. <i>(Қоршаған ортамен таныстыру-әлеуметтік қызмет)</i> «Күзгі ағаш» топтық жұмыс Күзгі ағаштарды мүсіндеу, жапсыру, суретін салу.<i>(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру-шығармашылық қызмет)</i></p>
---	---	---	--	---

				Себеттерді мүсіндеу, жапсыру, суретін сал, құрастыру. Түстерін айту. (сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру, математика негіздері-шығармашылық, танымдық қызмет)	
Серуенге дайындық	<p>Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық-ойын жабдықтарын және спорттық керек-жарақтарды дұрыс пайдалану туралы балалармен әңгімелесу.</p> <p>Жүйелі киіну (ауа-райына байланысты), дұрыс киінуді бақылау (сөйлеуді дамыту, өзін-өзі тыңдау дағдылары, үлкен және ұсақ моториканы дамыту)</p> <p>«Біз киініп үйренеміз» әңгіме</p> <p>Мақсаты: балалардың тез, өз бетінше және белгілі бір ретпен серуендеу дағдыларын жетілдіру; заттарын шкафта дұрыс орналастыруға үйрету.</p> <p>(көркем әдебиет-коммуникативтік қызмет, өз-өзіне қызмет көрсету)</p> <p>«Дұрыс-бұрыс» ойыны</p> <p>Шарты: бірінші кезекте шалбар емес, бас киім кесе не болады? Ал егер алдымен етік, содан кейін шалбар кесе ше? Ал егер жемпір шалбарға салынбаса ше?. Ауырып қалмас үшін дұрыс ретпен киіну керек!</p> <p>(сөйлеуді дамыту-коммуникативтік қызмет, өз-өзіне қызмет көрсету)</p> <ul style="list-style-type: none"> - Сөйлеуді дамыту - Көркем әдебиет - Қазақ тілі - Дене шынықтыру - Қоршаған ортамен таныстыру 				
Серуен	<p>Күзгі ауа-райындағы өзгерістерді бақылау.</p> <p>Мақсаты: Балаларға күз мезгілі туралы әңгімелеу. Күзгі ауа-райын жазғы ауа-райымен салыстыру, күздегі өзгерістерді айтқызу.</p> <p>(сөйлеуді дамыту,</p>	<p>Күзгі ағаштардың жапырақтарының түстерін бақылауға үйрету.</p> <p>Мақсаты: Күзгі жапырақтар туралы әңгімелер айту, түстерін айтқызу.</p> <p>(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен</p>	<p>Саябақты бақылау</p> <p>Мақсаты: Адамдардың саябаққа не себепті келетіні жайында айту.</p> <p>(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру-коммуникативті, әлеуметтік қызмет)</p>	<p>«Тұманды бақылау»</p> <p>Мақсаты: Табиғат құбылыстарын атау. Соның ішінде бүгінгі ауа-райының өзгерісі тұманды бақылату. Ашық және тұманды күннің ерекшеліктерін салыстыру.</p>	<p>«Күзгі желдің бағытын бақылау»</p> <p>Мақсаты: Балаларға желдің қай бағытта соғып тұрғанын, қандай леп арқылы соғып тұрғаны жөнінде жалпы түсінік беру. Балалардың ойлау, есте сақтау,</p>

	<p>коршаған ортамен таныстыру-коммуникативті, әлеуметтік қызмет)</p> <p>Еңбек: Құм салғыштың айналасындағы құмдарды жинату. Мақсаты: еңбекке баулу. <i>(еңбек әрекеті)</i></p> <p>Көркем сөз: Жел тынымсыз гуілдеп, Болып кетті тым бұзық. Шуылдайды тал терек, Жапырағын жұлғызып. <i>(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативті қызмет)</i></p> <p>Қимылды ойын: К-№ 8 «Аңшылар» <i>(дене қозғалысы)</i> Еркін ойын</p>	<p><i>таныстыру, математика негіздері-коммуникативті, әлеуметтік, танымдық қызмет)</i></p> <p>Еңбек: Гербарий жасауға жапырақтар жинау. Мақсаты: Балаларға гербарий жасауды үйрету. <i>(еңбек әрекеті)</i></p> <p>Көркем әдебиет: «Күзгі жапырақтар» (Қ. Шарғытбаев) Алтын, сары, қызыл, көк, Алуан-алуан жапырақ. Күзгі бақта күлімдеп, Көз тартады атырап. <i>(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативті қызмет)</i></p> <p>Қимылды ойын: К-№ 9 «Қоян» <i>(дене қозғалысы)</i> Еркін ойын</p>	<p>Еңбек: саябақтағы әр түрлі ағаштардың жапырақтарын жинау. Мақсаты: Әр ағаштың жапырағын ажыратуға үйрету. <i>(еңбек әрекеті)</i></p> <p>Балалармен жеке жұмыс: Күз туралы білетін тақпақтарын айтқызу. <i>(сөйлеуді дамыту-коммуникативті қызмет)</i></p> <p>Қимылды ойын: К-№ 10 «Поезд» <i>(дене қозғалысы)</i> Еркін ойын</p>	<p>Еңбек: Жапырақтардан әртүрлі бейнелер құрастырту. Мақсаты: жапырақтан әр түрлі бейнелер құрастыра білуге тәрбиелеу. <i>(еңбек әрекеті)</i></p> <p>Балалармен жеке жұмыс: Танысқан дыбыстар бойынша сөздер ойлату. <i>(сөйлеуді дамыту - коммуникативтік қызмет)</i></p> <p>Қимылды ойын: К-№ 11 «Торғайлар мен автомобиль» <i>(дене қозғалысы)</i> Еркін ойын</p>	<p>көру қабілеттерін арттыру. Еңбек: Балаларға желдің бағытымен ұшқан күзгі жапырақтарды жинату. Мақсаты: еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. <i>(еңбек әрекеті)</i></p> <p>Көркем сөз: Көк майса, көрікті, Алқаптағы көк егін. Бұл күндері киіпті, Сары жібек көйлегін, Жел тынымсыз гуілдеп, Болып кетті тым бұзық. Шуылдайды тал, терек, Жапырағын жұлғызып. <i>(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативті қызмет)</i></p> <p>Қимылды ойын: К-№ 12 «Аттар» <i>(дене қозғалысы)</i> Еркін ойын</p>
Серуеннен оралу	<p>Балалардың реттілікпен шешінуі, жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау</p> <p>Киімді белгілі бір тәртіппен шешу және кию дағдыларын үйрету:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Түймелерді ретімен ағытамыз. - Киімдерді рет-ретімен шешіп орнына іліп қоямыз. - Аяқ киімді шешіп, екінші аяқ киімді киеміз. - Шалбарымызды шешіп топқа киетін киімдерімізді киеміз. Киімдерді бүктеп қоямыз. <i>(сөйлеуді дамыту, еңбек әрекеті –</i> 				

	<i>коммуникативті, еңбек қызметі).</i>
Түскі ас	<p>Гигиеналық шаралар:Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау: қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану:</p> <p>«Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға қолыңды жу»</p> <p>Кезекшілердің жұмысы: (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою)</p> <p>Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану, сөйлеспеу, алғыс айт (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)</p> <p>«Тамақты шашпай ішіп үйренеміз». (сөйлеуді дамыту-коммуникативтік қызмет)</p>
Күндізгі ұйқы	<p>Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру.</p> <p>Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды, өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Ұйқы кезінде бала басына көрпені жауып, мұрнын жастыққа көміп тастамауын, жастықта баланың денесі емес, тек басы жатуын қадағалау. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).</p> <p>Ертегі оқу. «Әнші қоян»</p> <p>Мақсаты: Балаларға шын көңілден шаттық көңіл күй сыйлау.Балаларды ертегінің мазмұнын дұрыс түсініп, сұраққа жауап беруге үйрету. Ертегі кейіпкерлерінің іс — әрекетін сезіну және одан әсер алу, қызығушылық әрекетін қабілеттерін ояту.Ертегілер арқылы балаларды адамгершілікке,мейірімділікке және адалдыққа тәрбиелеу.</p> <p>(көркем әрекет-коммуникативті қызмет)</p> <p>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тындау.</p>
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	<p>Түскі ұйқыдан кейінгі сауықтыру шаралары (дене жаттығулары), ауа, су емшаралары, жалпақ табандылықты болдырмау үшін түйіршікті және жұмсақ жолақшалармен жүру (дене белсенділігі). Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балаларды шаштарын тарауға үйрету (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).</p> <p>Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету</p> <p>Жуынып болғанда, Жүреді қолдарда.(орамал)</p> <p>(мәдени-гигиеналық дағдылар).</p>
Бесін ас	<p>Түскі ұйқыдан кейінгі сауықтыру шаралары (дене жаттығулары), ауа, су емшаралары, жалпақ табандылықты болдырмау үшін түйіршікті және жұмсақ жолақшалармен жүру (дене белсенділігі).</p> <p>Қалтамда жатыр тісі бар, Тістемей-ақ істер ісі бар. /тарак/ (сөйлеуді дамыту).</p> <p>Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балаларды шаштарын тарауға үйрету (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).</p> <p>Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету</p> <p>Шомылған баланы, Аймалап алады. Сүртеді қолыңды,</p>

	Сүртеді жонынды. (мәдени-гигиеналық дағдылар). Өзімді жақсы сезінемін (сөйлеуді дамыту).				
Балалардың дербес іс-әрекеті	<p>Дид. ойын: «Кім тез жинайды?»Мақсаты: Көкөністер мен жемістерді ажырата білуге үйрету. <i>(сөйлеуді дамыту-коммуникативті қызмет).</i></p>	<p>Сюж-рөлді ойын: «Шаштараз» Мақсаты: Шаштараз мамандығы жайлы білімдерін кеңейту, Әйелдер залы, ерлер залы. Олардың айырмашылығын білу. Шашатарды кию, сәндеу.</p> <p><i>(сөйлеуді дамыту – ойын, коммуникативтік қызмет)</i></p>	<p>Дид. ойын: «Қайда барып, нені таптың» Мақсаты: кеңістікті бағдарлауға дағдыландыру, сөздік қорларын молайту.</p> <p><i>(сөйлеуді дамыту, математика негіздері, дене шынықтыру-коммуникативтік, танамдымды, дене қозғалыс қызметі).</i></p>	<p>Сюж-рөлді ойын: «Дүкен» ойыншықтар Мақсаты: Түрлі ойыншықтарды таныстыру. Ойынға деген қызығушылығын дамыту. Балалар арасында өзара жағымды қарым-қатынасын қалыптастыру. Балаларды дүкеншілердің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.</p>	<p>Дид. ойын: «Кімнің сөздері» Мақсаты: Ауызекі сөйлеу және есте сақтау қабілетін дамыту.</p> <p><i>(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет-коммуникативті қызмет).</i></p>
Балалармен жеке жұмыс	<p>Алиханға көкөністер туралы тақапак жаттау. Мен моншақты шиемін Құмарсындар білемін, Кетіп қалып жүрмесін Тамағыңа сүйегім. Мақсаты: өлендегі сөздерді анық айтқызу, артикуляциялық аппаратты дамыту. <i>(сөйлеуді дамыту-коммуникативтік қызмет)</i> Айзереге -еркін</p>	<p>Абдрахманға үй жануарлар туралы әңгімелесу Мақсаты: Үй жануарлары және олардың төлдерін атай отырғызып пайдасы туралы сұрау. Әңгімелету арқылы есте сақтау, ойлау қабілеттерін арттыру, өз ойларын еркін, әрі нақты жеткізе білуге дағдыландыру. <i>(сөйлеуді дамыту-коммуникативтік қызмет)</i> Ерсұлтанға- мысықты жапсыру</p>	<p>Мейіржан жабайы жануарлар туралы әңгімелесу Мақсаты: Жабайы аңдар тіршілігі туралы түсінік беру. Жабайы аңдарды бір-бірінен ажырата білуге және олардың аттарын дұрыс айтуға үйрету. <i>(сөйлеуді дамыту-коммуникативтік қызмет)</i> Арнұр-қоянды мүсіндеу <i>(шығармашылық қызмет)</i></p>	<p>«Тез ойла» Мақсаты: Балалардың заттарды салыстыру, оң жақ, сол жақ сияқты түсініктерін дамыту. <i>(математика негіздері-танымдық қызмет)</i> Гулизат-мозайка, жапсыру <i>(құрастыру, жапсыру-танымдық, шығармашылық қызмет)</i></p>	<p>«Біреу және көп» Мақсаты: Бір және көп заттарды ажырата білуге үйрету.</p> <p><i>(математика негіздері-танымдық қызмет)</i> Батырхан- күннің суретін салу, шуақтарын санау, түсін айту. <i>(сурет салу, математика негіздері-танымдық, шығармашылық қызмет)</i></p>

	тақырыпта құрастыру. (танымдық қызмет)	(шығармашылық қызмет)			
Серуенге дайындық	Серуенге қызығушылықты арттыру. Балалардың реттілікпен киінуі, серуенге шығу, топтық ережелерді қайталау «Киімді қалай киюге болады?» әңгіме Киімдердің тазалығын сақтау қажет. Киінгенде киімнің түймесінің дұрыс қадап, көйлекті шалбардың немесе юбканың ішіне салынғанын қадағалау керек. Шұлықтың, аяқ киімнің оң киілуіне баса назар аудару керек. (Сөйлеуді дамыту-коммуникативті қызмет)				
Серуен	<p>Күннің екінші жартысындағы ауа-райы құбылыстары мен табиғат объектілерін бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, бақылау зерттеу іс-әрекеті)</p> <p>Қимылды ойын: «Ұшақтар» Шарты: Балаларды ойын алаңына еркін тұрғызу. Тәрбиеші өзі ұшақ болып ұшып көрсетеді. Тәрбиеші: «Ұшақтар ұшады!» – деген кезде барлық бала ұшақ болып ұшады. «Ұшақтар қонады!» дегенде барлық бала өз орындарына келіп қона бастайды. Тәрбиешінің бастауымен ойын жалғасады. (ойын қызметі)</p>	<p>Қимылды ойын: «Доп кімде?» Шарты: Бір бала жүргізуші болады. Бір бала ортада көзін жұмып тұрады. Қойған балалар шеңбер жасап, қолдарын артына ұстап, нықтарын тақап тұрады (қолдары ішінен қарағанда көрінбеу керек). Сыртта жүрген бала сездірмей, шеңбердің сыртын айналып жүріп, бір баланың қолына ұстатады да өзі алысқа барып тұрады да «болды» дейді. Ортадағы бала көзін ашып, шеңбердің ішінде тұрып, кімде екенін (көзінің т.б) біліп айту керек. Тапса допты алады. Таппаса-басын шайқайды. Сол кезде добы бар бала теріс айналып, допты көрсетеді. Сенде-деген жоғары көтеруі тиіс.</p>	<p>Күннің екінші жартысындағы ауа-райы құбылыстары мен табиғат объектілерін бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, бақылау зерттеу іс-әрекеті)</p> <p>Қимылды ойын: Ит пен қоян» Мақсаты: Шапшаңдыққа, ептілікке баулу. Шарты: Ойын жазық алаңда ойналады. Бір бала ит болады да, қалғаны қоян болады. Бұдан кейін «ит», «қояндарды» қуып ұстауға тырысады. Өзі ұстаған балалардың барлығын итке айналдарды. Сөйтіп барлық қояндар итке айналғанша ойын жалғаса береді. (ойын қызметі)</p>	<p>Күннің екінші жартысындағы ауа-райы құбылыстары мен табиғат объектілерін бақылау (қоршаған ортамен таныстыру, бақылау зерттеу іс-әрекеті)</p> <p>Қимылды ойын: «Күн мен жаңбыр» Шарты: Балалар ашық алаңда еркін ойнап жүреді, гүл тереді, көбелек қуады, секіреді, жүгіреді. Тәрбиеші «Жаңбыр жауды!» дегенде балалар пана іздеп, үйшіктерге тығылады. Тәрбиеші «Күн шықты!» дегенде балалар қайта алаңға шығып, ойындарын жалғастырады. (ойын қызметі)</p>	<p>Күннің екінші жартысындағы желді бақылау. Қимылды ойын: «Қу түлкі» Шарты: Балалар бір-біріне бір адымдай ара қашықтықта тұрады (шеңбер жасап). Балалар көздерін жұмып тұрады. Тәрбиеші шеңберді айналып жүріп білдіртпей бір баланы түртеді. Сол бала түлкі болады. Балалар көздерін ашып бір-біріне мұқият қарайды. Қу түлкі сен қайдасың? Үш рет айтқанда қу түлкі ортаға қолын көтеріп мен мындамын деп жүгіріп шығу керек. Барлық балалар жан-жаққа қашады. Қу түлкі ұстап алуы керек. (ойын қызметі)</p>

		(ойын қызметі)			
Серуеннен оралу	Балалардың киімін ретімен шешу, әндерді үйрену, жұмбақтарды шешу, дербес және ойын әрекеті				
Ата-аналарға кеңес, балалардың үйіне қайтуы	Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу, ата-аналардың балаларды тәрбиелеу мен дамыту бойынша сұрақтарына жауап беру, кеңес беру.				
	Балалар үйде өздері не істей алатындары туралы әңгімелесу.	Ата-аналарға кеңес: «Балаларға қандай ойыншық керек?»	Ата-аналарға балаларға қызықты ертегілер оқып беру туралы айту.	Медбике кеңесі: «Баланы қалай емдеген жөн»	Демалыстарды жақсы өткізу ниетін білдіру.

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
2023-2024 оқу жылы**

Мектепке дейінгі ұйым:

Топ: «Балбөбек»

Балалардың жасы: 3 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі: 18.09-22.09.2023жыл

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 18.09.2023	Сейсенбі 19.09.2023	Сәрсенбі 20.09.2023	Бейсенбі 21.09.2023	Жұма 22.09.2023
Балаларды қабылдау Ата- аналармен әңгімелесу	Балаларды қабылдау: таңертеңгі сүзгі, балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау, баланың бүгінгі көңіл – күйі туралы, оны не қызықтыратыны туралы әңгіме, жеке пікір білдіруге баулу. Ата-аналармен бала денсаулығы, баланың үйдегі және көшедегі күн тәртібі туралы әңгімелесу (сөйлеуді дамыту-коммуникативті іс-әрекет).				
	Ата-аналарға күн тәртібін сақтау баланың балабақшаға баруы мен мінез-құлық ережелері туралы ескерту.	Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру туралы ата-аналармен жеке әңгімелесу.	Отбасылық тәрбие бойынша жеке кеңестер	Жеке гигиена дағдыларын қалыптастыру туралы ата-аналармен жеке әңгімелесу.	Балаңызға ұйқы алдында ертегі оқып бересіз ба?
Перспективалық жоспарда қойылған міндеттерді іске асыру					
Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, эксперимент, кітаптар қарау және өзіне-өзі қызмет ету, тағы басқа іс-әрекеттер)	Үстел үсті ойыны: «Шатаспай есте сақта» К № 5 Ойын барысы: Әр баланың алдына әртүрлі заттар бейнеленген 10-15 карточка қойылады (алма, троллейбус, шәйнек, ұшақ, қалам, машина, ат, әтеш т.б.) Психолог: «Қазір мен сендерге бірнеше сөздерді атаймын. Алдындағы суреттерге қарап,	Үстел үсті ойыны: «Қиял арқылы сөздерді есте сақтау» К № 6 Ойын барысы: Балаларды логикалық байланысы жоқ сөздерді есте сақтауға үйретеміз. Сөздер: ағаш, үстел, буғыш, себет, тарақ, сабын, кірпі, өшіргіш, кітап, күн. Осы сөздерді пайдаланып әңгіме құрастыру қажет. «Көз алдарында әдемі жасыл ағаш өсіп тұр деп елестетіндер. Ол тақтаға қарай өсе бастады,	Үстел үсті ойыны: «Кезек» К № 7 Ойын барысы: Сурет, карточкаларды немесе қандай да бір затты кезекке тұрғызу. Мысалы: тіс дәрігеріне, шаштаразға. Балалар артқа қарап тұруын сұраймыз да, қандай-да бір затты алып тастап, қайтадан «Кім кезектен қашып кетті?» — деп сұраймыз. Қайтадан ары қарап	Үстел үсті ойыны: «Жоғалған зат» К №-1 Ойын барысы: Үстелдің үстіне бірнеше зат қойылады. Бала оларға мұқият қарап алған соң, теріс қарап тұрады. Үстелден бір зат алып тасталынады. Бала қай заттың жоғалып кеткенін табу керек. Заттардың санын ақырындап өсіруге болады. (қоршаған ортамен таныстыру-әлеуметтік-танымдық қызмет)	Үстел үсті ойыны: «Жақсы және жаман деген не?» картотека К-№12 Мақсаты: қоғамдық орындардағы мінез-құлық ережелерімен таныстыру, адамдардың іс-әрекеттерін талдауға және оларға баға беруге үйрету. (қоршаған ортамен таныстыру-әлеуметтік-танымдық қызмет)

	<p>мен айтқан сөзді есте сақтауға көмектесетін бір затты тандап ал да, оны бөлек жерге қой», — деп нұсқау береді. Бірінші сөз оқылады. Бала алдындағы суреттен тандаған соң, екінші сөз және ары қарай осылайша оқылады. Бала психолог айтқан сөзді қайталап, өз заттарының ішінен байланыстыра-тын суретті алып, есінде сақтауы қажет.</p> <p>Мысалы: өрт, зауыт, сиыр, орындық, әке, отыру, мейірімділік т.б.</p> <p><i>(сөйлеуді дамыту-коммуникативті қызмет)</i></p>	<p>тақтадан төмен қарай аяқтары түсті, сонымен үстел пайда болды. Үстелге жақындай қарадық, үстелдің үстінен төмен қарай аққан шалшық су көрдік. Ол үлкен өзенге айналды. Өзеннің ортасында ожау пайда болды, одан ол себетке айналып кетті. Одан кейін себет жағаға ұшып кетті. Оған жақындап себеттің бір жағын сындырсаңыз, тарақ пайда болды. Оны қолыңызға алып шашыңызды тарай бастадыңыз, содан кейін басыңызды сабынмен жудыңыз. Сабын көпіршіктері ағып, кірпідей үрпиіп шашың қалды. Сізге өте ыңғайсыз, буғышты алып шашыңызды жинадыңыз. Буғыш буғанға шыдамай үзіліп жерге түсті. Жерге түскенде төңкеріліп, кітапқа айналып кетті. Кітап бетін ашсаңыз оның ішінен көзіңізге шағылысып күн түсті. Алдымен балалар біздің құраған әңгімені елестетуге тырыссын, содан кейін өздері (басқа сөздерді пайдаланып) құрап бір-біріне айтып</p>	<p>тұруын сұраймыз, карточкалардың орнын ауыстырып, «Кім кезегін шатастырып алды?» — деп сұраймыз. Содан кейін карточкаларды төңкеріп, «Көбелек қайда ұйықтап жатыр?», «Піл қайда ұйықтап жатыр?» және т.б сұраймыз.</p> <p><i>(қоршаған ортамен таныстыру-әлеуметтік-танымдық қызмет)</i></p>		
--	--	--	--	--	--

		дағдылансын. Қорытынды бөлімде біз сөздер тізбегін оқимыз, ал олар өз беттерімен байланыс құра отырып, тізбектеп айтылғандарды есте сақтайды. (сөйлеуді дамыту-коммуникативті, қоршаған ортамен таныстыру-әлеуметтік-танымдық қызмет)			
Таңертенгі жаттығу	КАРТОТЕКА № 4 ТАҢҒЫ ГИМНАСТИКА КЕШЕНІ (затсыз орындалады) Сапқа тұру, жүру, жүгіру, жалпы дамытушы және тыныс алу жаттығулары. Мақсаты: баланың организмін «ояту», оны тиімді күйге келтіру, жан-жақты, бірақ бұлшықет жүйесіне орташа әсер ету, дененің белсенділігін арттыру, дұрыс қалыптың қалыптасуына ықпал ету.				
Таңғы ас	Гигиеналық шаралар: Таңғыасалдындақолдарын жуу, қолдысүртужәнеорамалдыорнынаілу. Көркем сөз: Сырттан келіп үнемі, Сабынмен қол жуамыз, Таза болды мұнтаздай, Тағамға қол созамыз. <i>(көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру-коммуникативті, танымдық қызмет)</i> Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс	Гигиеналық шаралар: Таңғы ас алдында қолдарын жуу, қолды сүрту және орамалды орнына ілу. Көркем сөз: Дымкылдап күнде сен, Қолыңды сүйкесең. Кетіп кір-ыласың, Тап-таза боласың. <i>(көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру-коммуникативті, танымдық қызмет)</i> Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақтану мәдениетін қалыптастыру, тамақ ішкенде сөйлемей,	Гигиеналық шаралар: Таңғы ас алдында қолдарын жуу, қолды сүрту және орамалды орнына ілу. Көркем сөз: Су, су менің бетімді жу. <i>(көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру-коммуникативті, танымдық қызмет)</i> Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақтану мәдениетін қалыптастыру, тамақ	Гигиеналық шаралар: Таңғы ас алдында қолдарын жуу, қолды сүрту және орамалды орнына ілу. Көркем сөз: Сырттан келіп үнемі, Сабынмен қол жуамыз, Таза болды мұнтаздай, Тағамға қол созамыз. <i>(көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру-коммуникативті, танымдық қызмет)</i> Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақтану мәдениетін қалыптастыру, тамақ ішкенде сөйлемей,	Гигиеналық шаралар: Таңғы ас алдында қолдарын жуу, қолды сүрту және орамалды орнына ілу. Көркем сөз: Су, су менің бетімді жу. <i>(көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру-коммуникативті, танымдық қызмет)</i> Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақтану мәдениетін

	ұстау, тамақтану мәдениетін қалыптастыру, тамақ ішкенде сөйлемей, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту)	тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту)	ішкенде сөйлемей, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту)	тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту)	қалыптастыру, тамақ ішкенде сөйлемей, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту)
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балалар әсерлерімен бөлісу, жаңалықтарды білу, бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. (сөйлеуді дамыту) Ұйымдастырылған іс әрекет тақырыбына сай жұмбақтар жасыру. Жаттаған тапқыты есіне түсіріп, қайталап айту.				
	Саусақ жаттығуы: «Құстар қанат қағады» Құстар ұшып барады, Көкте қанат қағады. Барлық құстар қосылып, Шик-шик-деп, ән салады. (сөйлеуді дамыту, - коммуникативтік қызмет)	Саусақ жаттығуы: «Менің отбасым» Бас бармақ – ата Сұқ саусақ – әже Ортан терек – әке Шылдыр шүмек – ана Кішкене бөбек – мен (сөйлеуді дамыту, - коммуникативтік қызмет)	Саусақ жаттығуы: «Кірпі» Момақанмын алайда, (үш саусақтарын түйістіріп, кірпінің жүрісін салады) Тікенім көп абайла, (екі қолының саусақтарын айқастырып, кірпінің тікенектері жасайды). Кіріп кетсе қолыңа, Өкпелеме жарайма! (сөйлеуді дамыту, - коммуникативтік қызмет)	Саусақ жаттығуы: «Достық» жаттығуы. Біздің топта ұлдар мен қыздар өзара дос (қолдың саусақтары өзара бірігеді) Кішкентай саусақтар біз сенімен достасамыз (екі қолдың саусақтарын бір-біріне тигізу) Бір, екі, үш, төрт, бес... (шынашақтан бастап, саусақтарды кезекпен бір-біріне тигізу) Қайтадан санауды бастаймыз. Бір, екі, үш, төрт, бес.. Енді санауды аяқтадық (қолды төмен түсіреміз, демалтамыз). (сөйлеуді дамыту, математика негіздері – танымдық, коммуникативтік қызмет)	Саусақ жаттығуы: «Саусақтардың амандасуы» Бас бармақ өзінен басқа саусақтардың атын атап амандасады - Сәлеметсің бе, Балаң үйрек! - Сәлем, Ортан терек! - Амансың ба, Шылдыр шүмек! - Қалың қалай, Кішкене бөбек! (Бас бармақ кезекпен барлық саусақтарға ұшын тигізіп амандасады) (сөйлеуді дамыту, - коммуникативтік қызмет)
Мектепке дейінгі ұйымның		Дене шынықтыру Негізгі қимылдар: 4 метр	Дене шынықтыру Негізгі қимылдар: ені	Дене шынықтыру Негізгі қимылдар: ені –	

<p>кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</p>		<p>қашықтыққа тіке бағытта еңбектеу. Аяқтарын алшақ ұстай отырып допты бір-біріне домалату, арақашықтық – 1 метр. белгіленген бағытты сақтай отырып еңбектеу. 1 метр қашықтықта аяқтарын алшақ ұстай отырып допты бірбіріне домалату, допты қолмен лақтыру. Көзөлшемін, төзімділікті дамыту, достық қарым-қатынасқа, бірлесе ойнауға үйренуге тәрбиелеу.</p> <p>Қимылды ойын: «Шеңберге шапшаң тұр»</p> <p>Мақсаты: бір бағытта жүгіруге жаттығу, зейінін арттыру, шапшаң қозғалысқа үйрету.</p> <p><i>(дене шынықтыру-дене қозғалысы)</i></p> <p>Қазақ тілі</p> <p>Менің ойыншықтарым</p> <p>Балаларды өз ойыншықтары атап айта білуге баулу. Ерекше дыбыстармен таныстыру</p> <p>«Ойыншықтар» постері</p> <p>«Ойыншықтар дүкені» дидактикалық ойын</p>	<p>– 25 см, ұзындығы 2,5 метр тіке жолмен жүру</p> <p>Кез келген бағытта еңбектеу. Тіке жолмен жүру</p> <p>(ені – 25 см, ұзындығы – 2,5 метр), ауданы шектелген заттың үстінде жүру кезінде тепе-теңдікті сақтау.</p> <p>Кез келген бағытта еңбектеу.</p> <p>Қимылды ойын: «Кім баяу»</p> <p>Шарты: Балалар тәрбиешімен бірге жүріп келе жатыр. Күтпеген жерден ол: «Ал, енді көрелік, сендердің іштеріңнен кім өте баяу, аяқтың ұшымен жүре алады. Міне, былай», – дейді. Балалар аяқтарының ұшын көтеріп, мүмкіндігінше жай жүруге тырысады. Олар сол жүріп келе жатқан бағытта жүруді жалғастыра береді. Тәрбиеші білдірмей бір жакқа қарай шегініп: «Ал, енді бәрің маған қарай жүгіріңдер», – дейді. Балалар тәрбиешіге қарай жүгіріп, оны қоршап</p>	<p>20 см, ұзындығы 3 м ирек жолмен жүру</p> <p>Допты бір-біріне екі қолмен домалату (арақашықтығы – 1,5 метр). Жоғарыда ілініп тұрған затқа қолын тигізіп, биіктікке секіру. Тұрақты тепе-теңдікті сақтай отырып, шектелген тірек аумағында жүру. Үш дөңгелекті велосипед тебу.</p> <p>Қимылды ойын: К-№8 «Аңшылар»</p> <p>Мақсаты: жылдамдыққа, нысанаға дәлдеп тигізе білуге үйрету.</p> <p><i>(дене шынықтыру-дене қозғалысы)</i></p>	
---	--	--	---	--	--

			алады, ал ол балалармен әңгімелеседі, олардың жаттығуды жақсы тырысып орындағандарын айтады. (дене шынықтыру-дене қозғалысы) Музыка (Музыка жетекшісінің жоспары бойынша)		
	<p>«Кірпі орман тұрғыны» әңгіме (сөйлеуді дамыту - коммуникативтік қызмет) Жұмбақ Тиіскенді түйреген, Киімі бар инеден. Сөздік жаттығулар. (көркем әдебиет, қазақ тілі - коммуникативтік қызмет) Дидактикалық ойын: «Біреу – көп» Мақсаты: «Біреу», «көп», «бір-бірден», «бірде-біреуі жоқ» ұғымдарын қалыптастыру. Шарты: Кірпілер алманы жақсы көретінін айтады. – Балалар, кірпі</p>	<p>«Көкөністерді қарастыру» Әңгіме Мақсаты: Балалардағы көкөністер туралы идеяларды қалыптастыру, олардың өсу орны маңызды белгілерін атау. Тақырып бойынша сөздікті нақтылау және кеңейту (Бақ, көкөністер, кияр, қызанақ, қызылша, шалқан, пияз. баклажан, сәбіз, дөңгелек ұзын, жасыл, қызыл, сары, тасу, қазу, кесу, жырту). (сөйлеуді дамыту, математика негіздеі, қоршаған ортамен таныстыру - коммуникативтік, танымдық, әлеуметтік қызмет) «Егін» жаттығуы Бақшаға барайық, Біз егін жинаймыз (қол</p>	<p>Шалқан ертегісіне саяхат Мақсаты: Балалардың геометриялық фигуралар (шеңбер, шаршы және үшбұрыш), түс, заттың өлшемі туралы білімдерін жүйелеу. Тәрбиешінің көмегімен ертегінің шағын үзінділерін сахналауға және драматизациялауға деген ынтаны ояту. (сөйлеуді дамыту, математика негіздеі, қоршаған ортамен таныстыру, көркем әдебиет - коммуникативтік, танымдық, әлеуметтік қызмет)</p>	<p>«Ұшақ» әңгіме (суретпен жұмыс) Сөздік жаттығулар (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі-коммуникативтік қызмет) «Кішкентай ұшақ туралы ертегі» (көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру - коммуникативтік, әлеуметтік қызмет) Дидактикалық ойын: «Бөлшектерді құрастыру» Мақсаты: Балалардың ЛЕО конструкторының бөлшектерін үлгі бойынша анықтау, оларды ұшақтың конструктивті моделіне қою үшін жағдай жасау. (Құрастыру-шығармашылық қызмет)</p>	<p>«Менің көңілді добым» Мақсаты: Ойыншық туралы әңгіме құрастыру. Ойыншықтардың пішінін, түсін, қандай материалдан жасалғанын анықтауға үйрету. Балалардың сөздік қорын молайтып, тілін жаттықтыру. (көркем әдебиет, қазақ тілі-коммуникативтік қызмет) «Добым» өлеңі Ш.Смаханұлы. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі-коммуникативтік қызмет) Дид ойын: «Доп»</p>

